

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,  
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және  
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған  
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»  
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

2020 жылдың 15 мамыры

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
«Психология здоровья человека  
в глобализирующемся мире»  
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,  
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова  
15 мая 2020 года

### **PROCEEDINGS**

International scientific conference about  
«Psychology of human health in a globalizing world»  
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,  
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and  
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

**УДК 159.9 (063)**  
**ББК 88,3**  
**П 86**

**Редакционная коллегия**

**Қашхынбай Б.Б.**-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

**Сламбекова Т.С.** - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

**Айкинбаева Г.К.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Мамбеталина А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Нурадинов А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Рыскулова М.М.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Исаханова А.А.** – PhD психологии

**Организационный комитет**

**Ақымбек Г.Ш.** -магистр психологии

**Бурдесбекова У.И.** -магистр педагогики

**Құнанбаева А.Ж.** -магистр психологии

**Лекенова А.**-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

**ISBN 978-601-337-343-0**

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

**ISBN 978-601-337-343-0**

**©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020**

**©Кафедра социальной педагогики и самопознание**

**ЕНУ им Л.Н. Гумилева**

тәжірибемізден әдістемелік құралдар дайындау т.б. жұмыстарды қолға алдық.

Ұлттық ойындарды оқу процесінде қолдану нәтижесінде:

- көңіл-күйі көтеріледі;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- қимыл белсенділіктері артады;
- қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасады;
- ептілік, шыдамдылық, икемділік, мергендік т.б. қасиеттері қалыптасады;
- қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял т.б. танымдық қабілеттері дамиды, қол, саусақ бұлшық еттері жетіледі;
- Ұлттық ойын арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді;
- көпшілік ортада өз өнерін көрсетуді, насихаттауды үйренеді;
- ұйымшылдыққа үйренеді;
- ата-аналар да ұлттық ойындардың бала денсаулығын нығайтудағы маңызымен танысады;
- педагогтар, ата-аналар ұлттық ойындардың шығу тарихын зеттей отырып, бала денсаулығын сақтауда қолдану тәсілдерін меңгереді.

Ойын баланың денесін, тұлғасын жетілдіріп, дамытып, қоймай, ақыл-ойын, ұлттық рухын, сана-сезімін, намысында қалыптастыратын тәрбие құралы. Ойын ойнамаған бала әлжуаз, қорқақ, өз күшіне сенімсіз, бос кеуде, қиыншылыққа мойығыш болып өседі. Сондықтан ұлттық ойындарды Саламатты өмір салты психологиясын жетілдірудің негізгі құралы ретінде қарастыру көзделді.

#### **Пайдалынған әдебиеттер тізімі**

1. <http://www.nkzu.kz/page/view?id=1564> Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Ақорда, 12 сәуір 2017.
2. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар - халық мұрасы /Ұлт тағылымы. – Алматы, 2006.
3. Бадел А. Қазақ этнопедагогикасы –тәрбие бастауы. – Астана, 2012.

**ӘОЖ 37.015**

### **ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ТЫНЫҒУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРЫ**

**Бақыт Аяулым Бағланқызы**

*[Ayauka.bb@mail.ru](mailto:Ayauka.bb@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – П.Б.Сейітқазы

Жаһандану үдерісіне сәйкес, бүгінгі қоғамның әлеуметтік белсенді тұлғаға қоятын талаптары жоғары. Еліміздегі жалпы білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – бәсекелестікке қабілетті, шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Қазіргі оқушылар белгілі бір білімдерді алып қана қоймай, іскерліктерді игеріп, алған үлгі-өнегені өмір бойы пайдалана алулары тиіс.

Осы орайда, өскелең ұрпақтың сапалы білімі мен саналы тәрбиесі ғана емес, бос уақытының тиімді ұйымдастырылуы да маңызды болып табылады. Мектеп оқушыларының бос уақыты белгілі бір деңгейде реттелуі қажет және оны сапалы қолдану адамның ішкі мәдениетіне тікелей байланысты болады. Бос уақыт пен мәдени тынығу оқушы үшін өзіндік әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларының мәдени тынығуын реттеу, бос уақыттарында түрлі үйірмелер мен жарыстарға қатыстыру, әлеуметтік-психологиялық бағыттағы тренингтер ұйымдастыру, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетіне үйрету оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырып, әлеуметтенуіне жағдай жасайды. Бос уақыттары мен мәдени тынығуы тиімді ұйымдастырылған оқушылар тұлға ретінде жан-жақты қалыптаса бастайды, рухани және физикалық тұрғыдан дамиды.

Мектеп оқушыларының бос уақыты мен мәдени тынығуын дұрыс ұйымдастыруға мұғалімдермен қатар, әлеуметтік педагогтар да тікелей қатыса алады. Әлеуметтік педагогтар мектепте оқушылардың бос уақытын нәтижелі ұйымдастыруға, мәдени-тынығуын қамтамасыз етуге және әлеуметтік-мәдени ортада тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты маман болып саналады. Олар жеке тұлғаның педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін, қызығушылығы мен қажеттіліктерін зерттейді, оқушылардың мінез-құлқындағы ауытқушылықты дер кезінде анықтап, уақытылы әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету бағытында жұмыстар атқарады.

Мектепте әлеуметтік педагог мамандар бірқатар маңызды міндеттерді орындайды, атап айтатын болсақ:

- барлық жас кезеңіндегі оқушылардың әлеуметтік және тұлғалық мәселерін анықтау мақсатында әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер жүргізеді;

- оқушылардың құқықтарын әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қорғау мәселесімен айналысады;

- аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау білдіру және тұлғаның әлеуметтену үдерісіне теріс ықпалын тигізетін факторларды анықтау бағытында жұмыстар атқарады;

- ата-аналарға, мұғалімдерге т.б әлеуметтік-педагогикалық бағытта кеңес береді;

- әлеуметтік-педагогикалық бағытта алдын-алу шаралары мен түзету жұмыстарын жүргізеді (құқық бұзушылық, қылмыстық, зиянды заттарға әуестік және т.б);

- баланың дамуына ең оңтайлы педагогикалық ортаны құрады, балалар мен жеткіншектердің қызығушылықтары мен қабілеттерінің дамуына қолдау көрсетеді;

- ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-әрекеттерді орындайды және т.б [1, 29 б].

Бұдан бөлек, отбасыларға балалардың тәрбиесі бойынша әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, қамқоршылықты қажет ететін оқушыларды анықтап, оларды есепке алу жұмыстарын орындау, оқушылардың ақыл-ой және физикалық дамуына байланысты түзету және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру да әлеуметтік педагогтың негізгі қызмет түрлеріне жатады.

Әлеуметтік педагогтар мектептегі қызметі барысында мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс атқарады. Оның қызметінің негізгі нысаны – балалардың құқығын қорғау, олардың дамуына жағдай жасау, отбасы мен мектептің арасындағы байланысты жүзеге асыру.

Біз зерттеу жұмысымыз аясында әлеуметтік педагогтардың оқушылардың мәдени тынығуын ұйымдастыру бағытында орындайтын жұмыстарын зерттеуге көңіл бөлдік. Оқушылардың мәдени тынығуын ұйымдастыру мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға негізделеді. Философиялық, психологиялық және педагогикалық бағыттағы еңбектерге талдау жасау нәтижесінде, «мәдениет» ұғымы сипаттамасының көп екендігіне көз жеткіздік.

«Мәдениет» түсінігін ежелгі философтар «жанды жетілдіру» деген мағынада қарастырған. Кейінірек мәдениет сөзі «даму», «білім беру», «қабілет», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие бола бастады. Уақыт өте келе, тәрбиелеу, оқыту деген түсініктермен қатар, кең мағынада білім беру, ағартушылық деген мағыналарда да қолданылған. Демек, бізге үйреншікті болып кеткен «мәдениет» ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры сонау көне заманнан бастау алады. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, олай болса, білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады [2, 49 б].

Оқушылардың мәдени тынығуын тиімді ұйымдастыру негізгі әлеуметтік институт саналатын отбасындағы жағдайға да тікелей байланысты болып табылады. Бұл жағдайда, әлеуметтік педагогтар баланың отбасылық ахуалы туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс атқарады. Ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық бағытта кеңес береді және оқушы тұлғасының дамуына тиімді педагогикалық ортаны құруға жағдай жасайды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру әлеуметтік педагогтың біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігіне де тәуелді болады. Нәтижелі ұйымдастырылған мәдени тынығу үдерісі оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен мәдени бағытта дамуына ықпал етеді. Оқушылардың мәдени тынығуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар сабақтан тыс уақытта өткізіледі. Осы бағыттағы сабақтан тыс іс-шараларға:

саяхаттарды, үйірмелерді, дөңгелек үстелдер, конференция, пікірталастар, пәндік олимпиадалар, жарыстар, шығармашылық сайыстар және т.б атап өтуге болады.

Отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, оқушылардың мәдени тынығу іс-әрекетін ұйымдастыру мектептің оқу-тәрбие үдерісінің маңызды бөлігіне жатады. Оқушылардың дамуына психологиялық-педагогикалық қолдау жасау және сыныптан тыс педагогикалық іс-шараларды ұйымдастыру мұғалім, ата-ана, әлеуметтік педагог және оқушыларды ортақ істерге жұмылдырады [3, 67 б].

Әлеуметтік педагогтар тарапынан ұйымдастырылатын оқушылардың мәдени тынығу іс-әрекеті оларға өзінің және өзгенің жетістіктері мен қабілеттерін дұрыс бағамдауға, өзбетімен шешім қабылдауға, сыни бағытта ойлануға, шығармашылықпен айналысуына көмектеседі, ішкі қалауы мен қабілетіне сәйкес келетін өнермен немесе қызығушылығы сәйкес шығармашылықпен айналысуға, мінезінің әлсіз тұстарын дамытуға мүмкіндік жасайды.

Оқушылардың бос уақыты мен мәдени тынығуын ұйымдастырудың төмендегідей құрылымдары бар:

- Өзінің бастамасымен қосымша сабақтарға қатысу, өздігінен білімін көтерумен айналысу, қоғамдық жұмыстарға атсалысу;
- Мәдени құндылықтарды тұтыну;
- Ғылыми-техникалық шығармашылық;
- Спорт, туризм және физикалық мәдениет;
- Қызығушылығына сәйкес келетін қабілеттерін дамыту және т.б [4, 139 б].

Оқушылардың бос уақытында мәдени-тынығуын тиімді ұйымдастыру мақсатында келесі әдістерді қолдануға болады: ойындар мен тренингтер; театрланған көріністер, жарыстар, тәрбиелік жағдаяттар, импровизация және т.б.

Мектепте оқушылардың мәдени тынығуын ұйымдастыру бағытында төмендегідей іс-шараларды өткізуге болады: сауықтыру шаралары; мәдени бағыттағы түрлі кездесулер; концерттік және шоу-бағдарламалар; театрландырылған қойылымдар; түрлі сайыстар мен фестивальдер; акциялар мен флешмобтар; олимпиадалар, семинар, тренингтер және т.б [5, 126 б].

Біз зерттеу жұмыстары аясында Нұр-Сұлтан қаласындағы №51 мектеп-гимназиясының жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнаманы жүргізу арқылы жоғары сынып оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру деңгейі мен мәдени тынығу шараларының қай түріне басымдық беретіндігін анықтауды мақсат еттік. Жүргізілген сауалнама нәтижелерін өңдеу біздерге төмендегі 1-кестеге сәйкес мәліметтерді алуға мүмкіндік берді. Зерттеу аясында анықталғандай, жоғары сынып оқушылары өздерінің бос уақыттарын белгілі бір деңгейде ұйымдастыруға қабілетті. Бұл жағынан оларға мектептегі мұғалімдері, әлеуметтік педагогтар және ата-аналары қолдау білдіреді.

Кесте 1 – Жоғары сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижелері

№	Мәдени тынығу бағытында ұйымдастырылатын іс-шаралар	Алынған нәтижелер (%)
1	Көркемөнер шығармашылығымен айналысу	50,5 %
2	Концерттер мен шоу-бағдарламалар	80,5 %
3	Үйірмелер (би, ән, домбыра т.б) мен клуб бірлестігінің жұмыстары	78,5 %
4	Театрландырылған қойылымдар	50,5 %
5	Тренингтер пен ойындар	55,5 %
6	Кітапханадағы мәдени-тынығу жұмыстары	45,5 %
7	Мұражайлардағы мәдени-тынығу жұмыстары	35,5 %
8	Мәдени және демалыс саябақтарында ұйымдастырылатын іс-шаралар	40,5 %
9	Фестиваль, әртүрлі деңгейдегі сайыстар	75,5 %
10	Танымдық саяхаттар мен жазғы сауықтыру лагерлері	60,5 %

Нәтижелерге сүйенсек, жоғары сынып оқушылары үшін мәдени тынығу бағытында ұйымдастырылатын барлық іс-шаралар белгілі бір маңызға ие. Олар мектеп шеңберінде өткізілетін концерттер мен шоу-бағдарламаларда өздерінің ішкі әлеуеттерін барынша көрсетуге тырысады. Ән, би, домбыра үйрететін үйірме жұмыстарына, танымдық саяхаттар мен жазғы сауықтыру лагерлеріне жоғары сынып оқушылары жоғары басымдық береді. Оқушылардың мәдени тынығуында фестивальдер мен әртүрлі бағыттағы байқаулар, көркемөнер шығармашылығымен айналысу, тренингтер мен ойындарға қатысу т.б. маңызды орын алады.

Қорыта келгенде, сапалы білім алған, рухани және мәдени тұрғыда дамыған, танымдылығы жоғары, бәсекелестіктің мықты тегеурініне төтеп бере алатын өскелең ұрпақ қана елдің болашағы үшін еңбек ететін тұлғаға айналады. Мәдени және физикалық тұрғыдан дамыған тұлғаны тәрбиелеу көп жағдайда оқушылардың бос уақытының тиімді ұйымдастырылу деңгейіне байланысты болады. Мектеп жағдайында өткізілетін мәдени тынығу бағытындағы іс-шаралар оқушыларды рухани, шығармашылық және физикалық жағынан дамытып, оқуға деген қызығушылығы мен интеллектуалдық мүмкіндіктерінің артуына ықпал етеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі



1. Аванесова Г.А. Культурно-досуговая деятельность. Теория и практика организации. – М: Аспект-Пресс, 2006. – 236 с.
2. Жарков А.Д. Технология культурно-досуговой деятельности: учебно-метод. пособие. – Изд. 2-е, перераб., доп. – Алматы: Наука, 2002. – 202 с.
3. Аңламасова Г.А. Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру: пед.ғыл.канд ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс.- Алматы, 2005. – 167 б.
4. Солдатенкова М.Л. Подготовка социального педагога к организации культурно-досуговой деятельности: автореферат канд.дисс. – Москва, 2011. - 286 с.
5. Неретин И.В. Подготовка социального педагога к организации культурно-досуговой деятельности: автореферат канд.дисс. – Москва, 1995. - 156 с.

**ӘОЖ 159.972**

## **СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАБЫЛДАУДА ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАС АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

**Дюсенова Ажар Жакановна**

[aja\\_92@mail.ru](mailto:aja_92@mail.ru)

6М050300 «Психология» мамандығының 2 курс магистранты,  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекші – С.Е. Булекбаева

Қарым қатынас – бұл әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол адам өміріндегі көптеген рухани және материалдық құндылықтарды қамти отырып, оның өміріндегі ең жоғары қажеттіліктердің бірі. Қарым-қатынас психологиясы адамдардың бірлескен іс-әрекеттегі бірін-бірі қабылдауы және түсінуі; еліктеуі, иландыруы мен сенімі; ұйымшылдық пен қақтығысқа түсушілігі; бірігіп әрекет ету мен тұлғааралық қатынастар сияқты құбылыстарды зерттейтін сала. Бұл психологиялық құбылыстардың алуан түрлі болуына қарамастан, олардың пайда болуының негізгі көзі – адамдар арасындағы қатынас аймағы [1].

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады [2].